

ШЫҒЫС ҚАЗАҚСТАН АЙМАҒЫНДАҒЫ КӘСІПКЕ ҚАТЫСТЫ РУ-ТАЙПА АТАУЛАРЫНАН ҚАЛЫПТАСҚАН ТҰРАҚТЫ ТІРКЕСТЕРДІҢ ЭТНОЛИНГВИСТИКАЛЫҚ СИПАТЫ

Ш.Б. Сейітова

Шәкәрім атындағы Семей мемлекеттік университеті

Ұлттық тіліміздің терең де сан қырлы қатпарларында мазмұны зерделенбеген мағыналық бірліктер аз емес. Небір тарихи дәуірлердің куәгері іспетті халықпен бірге жасап келе жатқан тұрақты тіркестердің бойында сол халықтың өмір кешулерінен ақтарар сыры аз емес. Сауда мен қолөнер орталығы қалалардан қашық көшіп-қонып жүрген, қазақ қауымы өз тұрмыстарына қажетті киім-кешек, ішіп-жем, үй-жай, құрал-жабдық, қару-саймандардың барлығын өз қолдарымен жасап алуға ақыл-қайраттарын аямай жұмсады. Мұның негізгі шикізаты мал шаруашылық өнімдері және табиғат байлықтары болды. Өрмек тоқу, тері илеу, киім тігу өнерін әрбір қыз, келіншек меңгерген. Ал ерлер айы ETHNO-LINGUISTIC л-тұрман, қамшы өруді, үй мүлкін жасауды мақсат тұтты. Домбыра, қобыз, сыбызғы жасаушы шеберге деген құрмет өзгеше болып, шешен домбыра құлынды бие, боталы түйемен бағаланған. Той-томалақта, басқа да шараларда өнердің әр түрінен жарыс өткізу дәстүрі қалыптасқан. «Оның бәрінде ұлттық нәр, нақыш сақталып ол тұрмысқа қолайлы, сәнді, икемді, сыпайы, сүйкімді, берік болуы ескерілген», -деп өнердің әр саласының басын біріктіре отырып, оның бәрі тек байлық бәсекесі емес, елдің елдігін, ауыл әлеуеті, азаматты танытатын дәстүр саналған деп қорытынды жасайды [1, 105 б.].

Қарастырылып отырған тақырып аясында да шұғылданған кәсібін өнер туындысы дәрежесіне жеткізіп, ел ішінде кәсіби шеберлігінің арқасында танымал болған небір кәсіпқойлар бары сөзсіз. Сондықтан болар, Шығыс Қазақстан аймағындағы ру-тайпа аталауларынан қалыптасқан тұрақты тіркестердің ішінде де өн бойын өнер нәрімен байытқаннан туындаған тұрақты тіркестер баршылық. Мысалы, балықшы түрікпен; уақтан ұл туса, ағашқа күн туады; Ақымбеттен ұл туса, ағашқа күн туады; ағаштан түйін түйген ақымбет; байым-тілгені қайыс, жүрген жері сайыс; бірәліден ұл туса, ағашқа күн туады; көн илеген көнші; тері жинаған көнші; жиреннен ұл туады дегенше, ағашқа күн туады де; кешу аман болса, өтеу өлмес т.б.

Тал бойына қолөнерінің ағаштан, қайыстан, бояудан жасалатын барша құдірет-құпиясын тоғыстырған, киіз үйдің ағаштан жасалатын шаңырақ,

кереге, уық, есік сияқты бөліктерін қазақ сүйегі не қаңқасы деп атайды. Киіз үйдің сүйегін үйші тоз арқылы балқытып, морлап, асқан дәлдікпен бір-біріне келтіреді, түбіміз ағаш, керегеміз ағаш тіркесі соның айғағы. Қазақы дүниетанымды бойына сіңірген бейнелі сөз өрнектерінің ұлттық табиғаты халық өмірімен, салт-дәстүрімен, наным-сенімдерімен, халықтық пайымдаулармен астасып, үндесіп жатады. «Первое и главное их рукоделие есть построение своих кибиток, которые делают из тонкого талу. Очистя оной и выкрася в красную краску, связывают в решетку ремнями, которые складываются и на верху делается круг, и на токовых же поставляется изогнутых таловых прутьях» [2, 67 с.], - деп Г.И. Андреев көрсеткендей, киіз үйдің жабдықтарын жасаудың шеберлері болғаны турасында тұрақты тіркестер мәлім етеді. Мысалы, Жиреннен ұл туады дегенше, ағашқа күн туады де. Жиреннің балалары икіз үйдің ағашын жасаған. Олар ер қосқан, арба, шана жасауға шебер болған. Ағашты ию үшін мор пайдаланған. Жиреннің балалары ағаштан түйін түйген шебер болғандықтан, ал арасында қанатты сөзге айналған [3, 46 б.]. Бес Байыс Бірәліден тарайтын үш ата Бәтен, Байтоқ және Жақсылық деген бабалардың атамекені Ақшатау өңірі қайың, терек, қарақат, мойыл, долана т.б. сияқты ағаштарға бай өлке. Бірәлінің кез келген ұлы ұсталық шеберлікті жете емңгеріп, өздері жасаған бұйымдарын өздерінде жоқ заттарға айырбастаған. Атақтары ауыл аралап, содан қолы шебер, ісмер адам нені болса да жайнатып жібереді дегенді білдіретін Бірәліден ұл туса, ағашқа күн туады [4] және уақтан ұл туса, ағашқа күн туады т.б. мағыналық бірліктер қалған. Өз қажеттіліктерін өтеу үшін, күнделікті тұрмысқа қажетті зат, бұйымдарды әр елдің өз шеберлері белгілі бір шебер, яғни сол шебердің өзіне ғана тәр ерекшелікпен, сол ортаға, сол жерге бейім өрнекпен жасай білуі-тұрмыс қажеттілігін өтеудің айнымас бірден-бір көзі болды. Ыждағаттылық пен тиянақтылық, тағат тауысар ұқыптылық, өз ісіне деген сүйіспеншілік «кен асылы-жерде, сөз асылы-елде» дегендей, [5, 138 б.], осындай кәсіпке қатысты тұрақты тіркестер қалыптастырғаны сөзсіз. В. Гумбольдт: «Язык есть не продукт деятельности, а деятельность. Его истинное определение поэтому может быть только генетическим. Каждое поколение получает от предыдущего язык в готовом виде, но в этих готовых формах содержится все для обновления языка и вечного движения его в результате человеческого творчества» [6, 50 с.]. Ісмердің ісі іс барысында шындала түсіп, өрістей беретін болса, уақыт ауысқан сайын, келер ұрпақ атадан қалған мұраны жетілдіре, әрлей, дамыта түседі. Ол жөнінде Гердер жақсы айтқан: «мы являемся людьми еще до того, как становимся мудрецами, мы обладаем таким образом, языком и образом мышления прежде, чем приближаемся к философии, и оба они должны стать основой: язык рассудка-для разума, а образ мышления-для умозрения. Что же тем самым положено в основу? Родной язык, весь объем понятий, который мы усвоили с материнским молоком. Родной язык, целый мир знаний, не

являющихся изученными. Родной язык, поле, на котором произрастали все письмены светлого разума, - что это за кладезь идей? Это гора, по сравнению с которой горстки философских абстракций – лишь жалкий искусственный холмик, как несколько капель извлеченного разума по сравнению с мировым океаном языка», - десе, М.М. Копыленко: «В связи с этим Гердер полагает, что национальное это часть общечеловеческого, что любая национальная культура это своеобразная форма проявления общечеловеческой культуры» [7, 6 с.], - деп тілді этнолингвистикалық аспектіде қарастырудың бағдары ретінде көрсетеді.

Тақырыпқа сай материалдың ішінен небір «жаны сірі» сөздер сол аяда шегенделіп қалған деуге болады. Ол жөнінде белгілі ғалым Н. Уәлиев былай деген: «Халық тілінде байырғыдан келе жатқан тұрақты сөз орамдарының сан алуан сыры бар. Көнелікті ең көп сақтаған «жаны сірі» сөздердің небір шоғырлары алдымен мақал-мәтел, фразеологизмдердің құрамында шегенделіп қалған деуге болады» [8, 115 б.], - деуі тұрақты тіркес құрамында бүгінгі күнде тарих қойнауына озған сөздердің кездесуінен де көруге болады. Атап айтқанда, көн илеген көнші, көнші деген бір рулы ел, көн илеудің асқан шебері болғандықтан көн илеген көнші деп аталса, тері жинаған көнші-ат әбзеліне қолдану үшін мал терісін жинап, оны илеп, шаруаға қажет бұйым жасай білгендіктен, осы кәсібіне қатысты бір рулы ел «тері жинаған көнші» атанып кетсе керек. Байыстың Сармырза ұрпағының кіші бәйбішесі Жанығыз есімді әйелінен үш ұл туған. Аттары: Берді, Бегі, Өтей - «үш көнші» атанған. Бұлар Мұрын руларымен аталас. Берді, Бегі, Өтей үшеуі көршілес елдерден 40 жылқы ұрлап әкеледі. Ертеңінде ізін ала қуғыншылар жетсе керек. Бірақ айғақ боларлық еш нәрсе таба алмапты. Жанығыз шешейдің үш ұлы сол түн ішінде 40 жылқыны сойып, еттерін боршалап, тоғай арасына тығып тастапты. Ал терілерін дәу кеспектегі малмаға салып, көн илеп, ақ қайыс қылып үлгірген көрінеді. Қуғыншылар малманы көрсе де бір түн ішінде көн шығарады деп ойламаса керек. Осы оқиғаға байланысты жоғарыдағы Жанығыз шешейдің үш ұлының ұрпақтары «Көн илеген көнші» атаныпты.

Жанығыздан-Берді, Бегі, Өтей екен
Бір даудың түйініне 40 жылқы алып
Шілдеде, ұайнап тұрған, етін жеген!
Қазақтың бір әдеті-барымтасы,
Құн дауы, жесір дауы- қарымтасы.
Қырық жылқы терісін ақ қайыс қып,
Бір түнде пайда бопты «Көнші» атасы!
Атамыз көнші аталып, ел тамсантқан,

Найманға аты шыққан шебер екен! [9, 169 б.], - дегендей, көннен, теріден шаруаға қажетті бұйымдарды, заттарды ел ішіндегі шеберлер өздері-ақ жасап алған. Көн-иге салып, түгін түсірген ірі қара терісі. Одан тұрмысқа қажетті

бұйымдар жасалған. Көннен көн етік тігіп, көнек, көкжарғақ, торсық, саба жасайтын. Кейде көнді кереге көктеуге де пайдаланады [10, 31 б.].

Белгілі бір кәсіпке қатысты қалыптасқан ру-тайпа, оның табы атауларына қатысты қалыптасқан тұрақты тіркестерден қолынан да, тілінен де келетін жан иесі дегенді білдіретін-байыз-тілгені-қайыс, жүрген ері сайыс – байыстар мал терісін өңдеп, қайыс жасаудың шебері болса керек. Содан соң өңделген қайыстан әр түрлі заттар жарыса отырып жасайды. Болатшының аузынан, байғананың ауы артық-болатшы ел етікші болады. Етікші етіктің қайысын аузымен тарта, жібін тісімен қия отырғандықтан да, аузы-басы күл-қоқыс болады. Ал байғана балықшы екен, балықшы күніге жартылай суда тұрғандықтан, оның белден төменгі киімі таза болады, бұл арада екі туыстас ие кәсіптеріне орай бір-бірімен қалжыңдаса, бірін-бірі әлжуаса керек: найман біле ме, сайман біле ме? Керей руының адамдары келе жатып, бір найман руының адамының жұқа аяқ жасап отырғанын көреді де «Апыр-ай, мынау не деген шебер жігіт, қолынан келмейтіні жоқ қой тегі-наймансың ба ей?»- деп айқайлайды. Сонда найман жігіт: «Найманмын ғой, бірақ бұл істі найман білмейді ғой, сайман біледі ғой», -деп жауап қайтарыпты. Яғни бір кәсіпті жете меңгерумен қатар, жұмыс барысында затты бабаына келтірер құрал-жарағын да соған сай болуы қажет дегенді білдіреді [11]; Найман болмай-хайуан болмайды. Ертеде жәрмеңкеге найман елі барғанша, төрт түлік малдың таңдаулысы тапшылық болады екен. Жәрмеңкешілер «Ой, найман келмесе, базарда хайуан да болмайды» десетін көрінеді. Яғни, найман руы, сан жағынан көп болғандықтан және малсақ, мал басы көп өсіп-өнген ел болғандықтан жәрмеңкеге басқа руларға қарғанда найман руы малды өте көп әкелген. Сондықтан жәрмеңкеге наймандар келгенше татымды мал басы да болмаған [12, 146 б.].

Қазақ халқының қолында бар тауары малы болса, сол малын базарға шығарып, саудалап, күнделікті тұрмыста қажет заттарын мал басына шағып, саудаласып, керегін алып, қажетін өтеп отырған. Ал найман көп пе, хайуан көп пе тіркесі найман болмай, хайуан болмайды тіркесінің квантативті өзгеріске ұшырауынан жасаған, көп жағдайда негізгі мәнісін түсінбегенде ру намысына тию үшін айтылған.

Қазақ баласы ана тілінде тек сөйлеп қана қоймаған, тілі арқылы дүниені көрген, естіп білген, бағалаған, өз орнын өлшеген, тапқан әлде таба алмаған. Тілі арқылы өлі дүниені жамыратқан, сөйлескен, қозғалысқа түсірген. Қазақ тілі-қазақтың өзі де, көзі де, жүргеі де, құлағы да [13, 73 б.]. Ұлттың өмір сүруінің кепілі және өмірлік мұраты-ұлттық төлтумалықты сақтауға саяды. Төлтумалықтан өзге мұратты бірінші кезекке шығарған ұлт түптің түбінде рухани жадаулыққа ұрынады. Өзгеге еліктеп қана өмір сүреді. Ақыр аяғында басқа мәдениеттің аясына сіңіп жоғалады. Сайып келгенде, адамзат баласының ұзына тарихы осы қарапайым ақиқаттан тұрады [14, 251 б.]. Қазақ тілінің сөздік

қазынасының байлығын, әлеуеттілігін, икемділігін танытатын қазақы ұғымға сай келетін бір алуан тұрақты тіркестер, ол кәсіпке байланысты ру-тайпа атауларына қатысты жасалған мағыналық бірліктер.

ӘДЕБИЕТТЕР

1. Жанболатұлы М. Тобықты-Шыңғыстау шежіресі. 2004. - 1т. - 520 б.
2. Андреев Н.Г. Описание Средней орды киргиз-кайсаков. – Алматы: Ғылым, 1998. - 280 с.
3. Смағұлұлы Т. Найман Мәмбетқұл және Ырғызбай әулие әулеттері. 3-басылым. – Семей, 2004. -284 б.
4. Хабарлаушы: Қажығұлов Қ. 76 жаста. Аягөз қаласы.
5. Сарыбаев Ш. Қазақ тіл білімі мәселелері. – Алматы: Арыс, 2000.
6. Гумбольдт В. О различии строения человеческих языков им его влияния на духовные развития человечества. - М: Прогресс, 1984.
7. Копыленко М.М. Основы этнолингвистики. - Алматы: Евразия, 1995.
8. Уәлиев Н.М. Фразеология және тілдік норма. - Алматы, 1999.
9. Сыдықов М.Қ. Көнші шіжересі. - Павлодар, 2004.
10. Көн ҚСЭ. - Алматы, 1975.
11. Хабарлаушы: Шаяхметов Т. Ұржар ауданы.
12. Өзбекұлы С. Мұра. - Алматы: Қайнар, 1992.
13. Советқазы Аү Тышқан жылғы қырғын. - Алматы, 1994.
14. Сейдімбек А. Ойтолғақ. - Алматы, 1997.

Резюме

В статье рассматривается профессиональная лексика в Восточно-Казахстанской области, связанная с племенными родами казахского народа.

Resume

The article deals with professional vocabulary in East Kazakhstan region associated with tribal families of the Kazakh people.